

2026 ЖЫЛЫ РЕЗИДЕНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ

2026 жылы резидентураға түсуге өтініштерді қабылдау және конкурстық іріктеу рәсімі саралау үдерісінің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ететін **Резидентураның цифрлық платформасы (РЦП)** арқылы жүзеге асырылады.

Платформаның мүмкіндіктері

- Конкурсқа қатысу үшін үміткер 4-ке дейін білім беру бағдарламасын, резидентура бағдарламаларын іске асыратын 4-ке дейін білім беру ұйымын және конкурсқа қатысу үшін жұмыс өтеу өңірін таңдай алады.
- Ақылы негізде оқу үшін үміткер 1 білім беру бағдарламасын таңдайды (жұмыс өтеу өңірін көрсету талап етілмейді).
- Платформа әрбір үміткердің конкурстық балын автоматты түрде есептейді.
- Платформа үміткерлерді жинаған конкурстық балдарына сәйкес автоматты түрде рейтингке орналастырады.
- Үміткер рейтингтегі өз орнын бақылап, таңдаған білім беру бағдарламасына түсу мүмкіндігін бағалай алады.

Конкурстық балды есептеу

Конкурстық бал келесі формула бойынша есептеледі:

$$(GPA \times 50) / 4 + (Қорытынды аттестаттау бағасы \times 5) / 10$$

мұнда:

- GPA — бакалавриат және интернатура бағдарламалары бойынша оқу кезеңіндегі жалпы орташа үлгерім балы;
- Қорытынды аттестаттау бағасы — бітірушінің қорытынды аттестаттау нәтижесі.

Есептелген конкурстық бал негізінде жүйе резидентураның әрбір білім беру бағдарламасы бойынша үміткерлердің рейтингін автоматты түрде қалыптастырады.

Саралау конкурстық балдардың кему ретімен жүзеге асырылады.

Бұл үміткерлерге нақты уақыт режимінде рейтингтегі өз орнын бақылауға және таңдаған білім беру бағдарламалары мен білім беру ұйымдарына түсу мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік береді.

Резидентураның цифрлық платформасына (РЦП) сілтеме:
<https://residency.kz/>

МАҢЫЗДЫ!

Құжаттарды тапсырар алдында міндетті түрде:

- жеке тұлғаның жарамды электрондық цифрлық қолтаңбасының (ЭЦҚ) болуы;

- ЭЦҚ файлдарының қолжетімді екеніне және олардың қолданылу мерзімінің өзекті екеніне көз жеткізу қажет.

Жарамды ЭЦҚ-ның болмауы өтініш беруге және конкурсқа қатысуға кедергі келтіруі мүмкін.